

М.П. Оспанбаева^{1*}, Ә.Б. Тасова², Н.Ж. Сұлтанязова³, А.А. Ватулина⁴

¹М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, ҚР, Тараз қ.

²Қ.А. Ясауи ат. Халықаралық қазақ-түрік университеті, ҚР, Түркістан қ.

³Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, ҚР, Орал қ.

⁴№16 орта мектеп мұғалімі, Қордай, Жамбыл облысы, Қазақстан

*Omachabbat@mail.ru

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАТЫНАС ТЕОРИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада инклюзивті білім беру үрдісінің психологиялық аспектілері қарастырылды. Ерекше білім беру қажеттігі бар (ЕББҚ) балалардың ортаға жеңіл бейімделіп, табысты оқулары үшін, жеке жұмыс және дифференциалды білім беру әдістері педагогикалық нәтижелер бергенімен, олардың әсері әлсіз және тұрақты еместігі нақты тәжірибеден алынған кейстер арқылы талданды. Осы әдістердің әсерлілігін арттыру және тұрақтандыру мақсатында психологиялық қатынас теориясын қолдану қажеттілігі туындады. Ол үшін ЕББҚ оқушы жетістігін психологиялық қатынас теориясы аясында қамтамасыз ету туралы болжам жасалып, маңызы негізделді.

Өзінің құндылығын сезінуден бастау алатын оң өзіндік баға ЕББҚ оқушының мектептегі оқуының табыстылығын арттырып қана қоймай, оның өмірлік жетістігінің кепілі болып табылатын дербестік дәрежесінің де қалыптасуын қамтамасыз етеді. Түпкі нәтижесі ЕББҚ білім алушының өзіндік болмысын барынша жарқыратып ашуға бағдарланған психологиялық қатынас теориясы ұзақ мерзімге арналған стратегиялық бағдар болып табылады.

Қазіргідей кванттық секірістер кезеңінде А.Эйнштейн негізін қалаған салыстырмалылық теориясының (СТ) кеңістік-уақыттық континуумының өзектілігі аса жоғары. Әсіресе оның маңызы инклюзивті білім беру үрдісінде еселеп артады. Мақалада бұған дейін зерттелген жағдайлар негізінде, ЕББҚ баланың танымы мен мінез-құлығы арасындағы өзара байланысты орнықты ету үшін, психологиялық қатынас теориясын қолдану әдістемесі ұсынылды. Білім беру ұйымының оқу-тәрбие кеңістігінің негізіне психологиялық қатынас теориясының мақсатты түрде қалануының нәтижесінде, ЕББҚ оқушының өзіндік ерекшеліктері аясында сенімі бекіп, болмыспен арақатынасының жақсаруы артады. Мұндағы негізгі тәсіл – «Зейінді бағыттау» бола отырып, ол 4 аймақты қамтиды: қалыптасқан ахуал – ЕББҚ оқушы жағдайы; оған кеңістік, яғни орта мен уақыттың әсері; жағдайға ЕББҚ баланың өзінің қатынасы, сондай-ақ ахуалды кәсіби-мамандандырылған талдау дәрежесі.

Зерттеу жұмыстары Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (Қ.А. Ясауи ат. ХҚТУ), Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің (Батыс Қазақстан ИТУ), ғалымдарымен және практиктермен (мектеп мұғалімі) бірлесе отырып, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінде (М.Х. Дулати ат. ТарӨУ) жүргізілді.

Кілттік сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттігі бар бала, қатынас, арақатынас, мінез-құлық, құндылық.

Оспанбаева М.П. ^{1*}, Тасова А.Б. ², Султаниязова Н.Ж. ³, Ватулина А.А. ⁴

¹Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, РК, г.Тараз

²Международный казахско-турецкий университет им. Х.Яссави, РК, г.Туркистан

³Западно-казахстанский инновационно-технологический университет, РК, г.Уральск

⁴СШ №16, Кордайский район, Жамбылская область, Казахстан

[*Omachabbat@mail.ru](mailto:Omachabbat@mail.ru)

ИССЛЕДОВАНИЕ ЗНАЧИМОСТИ ТЕОРИИ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ОТНОСИТЕЛЬНОСТИ, В ПРОЦЕССЕ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Аннотация

В представленной статье рассмотрены психологические аспекты процесса инклюзивного образования. Для того, чтобы дети с особыми образовательными потребностями (ООП) легко адаптировались к учебно-воспитательной среде и успешно обучались, индивидуальная работа и дифференциальные методы обучения, традиционно применяемые в педагогической практике, дают результаты, но не достаточно устойчивые. В связи с этим, сформировалась гипотеза исследования о применении теории психологической относительности (ТПО) в инклюзивном пространстве, для повышения эффективности обучения.

Предпосылкой адекватно-позитивной самооценки личности является осознание своей ценности, основа которого складывается с отношении к себе. Объективное отношение к себе способствует успешной социализации в инклюзивной среде, и как следствие, обучающиеся с ООП смогут раскрыться, реализовать свои индивидуальные способности, справляться с учебными задачами. А педагог, работающий в инклюзивной среде, овладев тонкостями ТПО, с чистым намерением способствует повышению продуктивности учебной деятельности, поощряя самостоятельность, вовлеченность и взаимодействие в классном коллективе. Построение учебно-воспитательного процесса с применением ТПО в инклюзивном образовании, которая ориентирована на максимально яркое раскрытие самобытности обучающихся, является стратегией рассчитанной на долгосрочную перспективу.

В период современного квантового перехода, актуальность пространственно-временного континуума теории относительности, который был заложен А. Эйнштейном, весьма велика. Особенно ее значение возрастает в процессе инклюзивного образования. В статье использованы методы познания относительности, способствующие минимализации субъективности и расширения самосознания. Особенность нового подхода заключается в обучении фокуса внимания, который содержит 4 зоны: сложившаяся ситуация; влияние пространства, т. е. среды и времени; отношение самого обучающегося к ситуации, а также глубокий анализ текущей ситуации.

Базой исследования является Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати; сотрудничество с учеными Международного казахско-турецкого университета им. Х.А. Яссави и Западно-Казахстанского инновационно-технологического университета; экспериментальная площадка – сш № 16 Кордайского района Жамбылской области.

Ключевые слова: инклюзивное образование, особые образовательные потребности, отношение, взаимоотношение, поведение, ценности.

Ospanbayeva M.P.¹, Tasova A.B.², Sultaniyazova N.J.³, Vatulina A.A.⁴

^{1,5}Taraz Regional University named after M. H. Dulati Regional University, Taraz, RK

²International Kazakh-Turkish University named after K.A. Yasavi, Turkystan, RK

³West Kazakhstan Innovation-Technological University, Uralsk, RK

⁴School №16, Korday district, Zhambyl region, Kazakhstan.

[*Omachabbat@mail.ru](mailto:Omachabbat@mail.ru)

STUDY OF THE SIGNIFICANCE OF THE THEORY OF PSYCHOLOGICAL RELATIVITY IN THE PROCESS OF INCLUSIVE EDUCATION

Abstract

In the presented article the psychological aspects of the process of inclusive education are considered. In order for children with special educational needs (SEN) to easily adapt to the educational environment and successfully learn, individual work and differential teaching methods, traditionally used in pedagogical practice, give results, but not sustainable enough. In this regard, the hypothesis of the study was formed about the application of the theory of psychological relativity (TPR) in an inclusive space, to improve the effectiveness of learning.

The prerequisite of adequate-positive self-esteem of the personality is the realization of its value, the basis of which is formed with the attitude to oneself. Objective attitude to oneself contributes to successful socialization in an inclusive environment, and as a consequence, students with OOP will be able to open up, realize their individual abilities, cope with learning tasks. And a teacher working in an inclusive environment, having mastered the intricacies of VET, with a clear intention to enhance the productivity of learning activities by encouraging autonomy, engagement and interaction in the classroom. Building a learning and educational process using TVET in inclusive education, which is focused on maximizing the identity of learners, is a long-term strategy.

In the period of modern quantum transition, the relevance of the space-time continuum of the theory of relativity, which was laid down by A. Einstein, is very great. Especially its importance increases in the process of inclusive education. The article uses the methods of cognition of relativity, contributing to the minimalization of subjectivity and expansion of self-awareness. The peculiarity of the new approach is to teach the focus of attention, which contains 4 zones: the existing situation; the influence of space, i.e. environment and time; the attitude of the learner himself to the situation, as well as a deep analysis of the current situation.

The base of the study is Taraz Regional University named after M.H. Dulati. M.H. Dulati; cooperation with scientists of the International Kazakh-Turkish University named after H.A. Yasavi and West Kazakhstan Innovation and Technology University; experimental site - school № 16 of Korday district of Zhambyl region.

Key words: inclusive education, special educational needs, attitudes, relationships, behaviors, values.

КІРІСПЕ.

ҚР ҒЖБ министрлігінің бастамасымен орындалған «Инклюзивті білім берудің қазақстандық моделінде» (Модель) инклюзивті білім беру үрдісінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету жолдары берілді. Онда балаларды жоғары сапалы инклюзиялаудың тұжырымдамалары ретінде келесі шарттар ұсынылады: даму ортасы, оқу материалдары және жабдықтар, білім беру ұйымы басшының рөлі, мамандарды қолдау, мамандардың біліктіліктерін арттыру, ЕББҚ білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау, жеке оқу жоспары (ЖОЖ), ЕББҚ балалардың ата-аналары, ЕББҚ оқушылардың педагогикалық үрдіске тартылуы, ЕББҚ баланың білім беру деңгейінің келесі сатысына өтуі. Берілген шарттарды тиімді жүзеге асыру үшін, Модельде жоғары сапалы инклюзивті тәжірибелер ұсынылған [1].

Озық деп танылған осы тәжірибелерді қалтқысыз орындау арқылы, білім беру ұйымдарында инклюзивті оқыту сапасы артатыны туралы болжам жасау қиын емес. Дегенмен, білім беру үрдісінде және ЕББҚ бала жағдайында субъективтілік факторы басым болғандықтан, жоғарыда берілген шарттар сақталғанымен, тиімді тәжірибелерді қаз-қалпында жаңғырту әрдайым мүмкін бола бермейтінін мойындауымыз қажет. Сондықтан да біз өз зерттеуімізде инклюзивті білім беру үрдісін психологиялық қатынас теориясына құру өзектілігі негізді болып табылатынын тұжырымдаймыз.

ЕББҚ балаларды нормотипті құрдастарының қатарына қосып оқыту және әлеуметтендірудің, білім беру үрдісінің барлық субъектілері үшін, барынша жеңіл әрі ыңғайлы өтуін қамтамасыз ету жолында жылдар бойы жүргізілген ғылыми зерттеулерге сүйенбеу мүмкін емес. Соңғы онжылдықтағы зерттеулерге (С.Т. Кохан, Е.Б. Баринаова, Т.Г. Богданова, Р.А. Сулейменова, В.В. Хитрюк, З.А. Мовкебаева т.б.) шолу жасай отырып, оларды талдау барысында, ЕББҚ бала жетістігінің негізі ретінде жеке жұмыс тәсілі және инклюзивті білім беру көзі ретінде дифференциалды оқыту әдісінің шешуші мәнге ие екендіктері анықталды [2-7].

Жаңа мыңжылдықтағы заманауи парадигмалар өзгерісі білім беру саласына да айтарлықтай ықпал ете отырып, бұрнағы қасаң қағидалардан арылуды талап етеді. Олардың басты артықшылығы «жақын арадағы даму аймағы» теориясына (Л.С. Выготский) негізделген, баланың даралық даму ерекшелігіне бағдарлану концепциясы болып табылады [8].

Бұған дейін білім беру үрдісінде, субъектіні оқытып-тәрбиелеу әрекеті «дамудың әлеуметтік жағдайы» теориясына байланысты туындаған паттерндерге тәуелділік танытып келді. Ендігі жерде болашаққа бағдарланған амбициялық стратегиялар тұлға дамуын қамтамасыз ететін жаңа қатынастардың басымдыққа ие болуына күш салады.

Елена Соукакудың «Инклюзивті сыныптың ерекшелігі» зерттеуінде ЕББҚ баланың нормотиптік құрдастарымен бірге оқуын қамтамасыз етудің озық тәжірибелері ұсынылады: тәрбие кеңістігі, заттық орта, сыныптастармен бірлескен әрекет, өзара қақтығыстар, еркін таңдау, араласу, сөйлесу, кері байланыс, мониторинг [9].

Е.П. Соукаку зерттеуінде аталған тәжірибелерді жүзеге асыру тікелей педагогтың қатысуымен жүретіні баяндалған. Демек, педагог балалар ұжымындағы орталық фигура бола отырып, өзінің бұлтартпас беделі арқылы, сыныпта мақсатты түрде ЕББҚ оқушыға оң қатынасты қалыптастырады және жағымды психологиялық ахуал орнықтырады деп тұжырымдаймыз. Бұдан шығатын қорытынды, инклюзивті білім беру үрдісінде педагог тұлғасының әсері түйінді фактор болып табылады. Әсер қатынастан туындайтынын қаперге алсақ, ЕББҚ оқушы табыстылығына түрткі болар кепілдік психологиялық қатынас екені даусыз. Сондықтан, білім беру ұйымдарына инклюзия қағидаларын ендіру үшін, мамандарды психологиялық қатынас теориясымен қаруландыру өзектілігі жоғары.

ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ. Білім беру үрдісін инклюзияландыру туралы зерттеулердің қай-қайсысына үңілсек те, барлық мәселе қатынас теориясына, әсіресе ЕББҚ балаға психологиялық қатынасқа келіп тіреледі. Бірақ осы маңызды фактор оқу-әдістемелік құралдарда аса көп қозғалмайды және әдіскерлер де оған жете көңіл бұрмайды. Мәселен, жалпы білім беретін мектептерде жайлы инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру – психологиялық-педагогикалық қолдау үрдісімен шарттала отырып, оның мазмұны ретінде келесі қызметтерді қамту міндеттеледі: ЕББҚ оқушылардың оқу қажеттіліктерін анықтау және бағалау; олардың педагогтары мен ата-аналарына әдістемелік-консультативтік көмек көрсету; оқу табыстылығына қол жеткізу үшін, психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау [10].

Ғаламдық тенденцияларды талдау – инклюзивті білім беру үрдісінде оң заманауи өзгерістердің байқалуын көрсетеді. Ол әр баланың сапалы білім алу құқығымен шартталған, тұлғаға бағдарланған оқу әрекеті. Бұл үрдістің нәтижелілігі оқу-тәрбие кеңістігіндегі құндылықтар жүйесі ұстанымының мазмұнымен және деңгейімен анықталады. Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беруді жүзеге асыру ЕББҚ оқушылардың қажеттіліктеріне негізделген заттық-дамытушы ортаны құрумен шектелмейді; бұл – инклюзия үрдісіне дайындық кезеңі ғана.

Сондай-ақ, оқыту әдістері мен оқу үлгерімін бағалау жүйесінің икемділігінен құралған педагогикалық үрдіс те құндылықтық бағдарсыз жалаң функциялар болып табылады.

ЕББҚ баламен қатар, сыныптағы әр оқушының жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерінің негізінде құрылып, өзара теңдік ауанында ұйымдастырылған бірлескен оқу әрекеті инклюзивті білім беру үрдісі ретінде анықталады. Оқушылар үшін мұндай жайлы да, қолайлы даму ортасының басты көрінісі ынтымақтастық болса, оны орнату шарты – психологиялық қатынас.

Инклюзивті білім беру тәжірибесінде психологиялық қатынас теориясын тиімді қолдану технологиясына әдістемелік тұрғыда жеткілікті назар аударылмағанымен, педагогикалық процессті ұйымдастыру барысында ол айқын көрініп тұратын жағдай әрі нәтижеге айтарлықтай ықпал ететін үрдіс. Сыныптағы әрбір оқушымен қатар, ЕББҚ балаға да орынды психологиялық қатынасты қалыптастыру – педагог құзыреттілігі. Психологиялық қатынас уақыт пен орынға, жағдайға және орта ықпалына қарай құбылып отыратын өзгермелі фактор. Өйткені, орын алған жағдайға қатынас әркімнің сол оқиғаны сезінулеріне байланысты өтеді. Бұл, біріншіден, жеке-леген адамның дүниетанымына байланысты, ал екіншіден – сол мезеттегі көңіл-күй ауанына. Ал, енді осы оқиғаға қатысушы мүшелер мен айналадағы жағдайды бақылаушы адамдарды қосыңыз [11].

Психологиялық қатынас теориясындағы төрт өлшемді континуумды инклюзивті білім беру үрдісінде қолдану – Эйнштейннің қозғалыстағы дене мен қимылсыз дененің арақатынасы туралы салыстырмалылық теориясынан бастау алып, Р.Дилтстың нейробиологиялық бағдарлама-лауындағы (НЛБ) қостағандар концепциясымен жалғасады. Тәжірибеде балалар ұжымындағы алауыздықтарды бақылаулар нәтижесі – олардың түпкі себебі қарама-қарсы көзқарастардан туындайтынын көрсетеді. Ал, енді оқушылардың мінез-құлықтарына әсер ететін және оны анықтайтын дерек ретінде, олардың өздерін басқаларға қатысты қалай қабылдайтынын, әрі өз көзқарастары тұрғысынан қалай бағалайтындарын атап өтуге болады. Егер бұл концепцияны күрделендіру мүмкін болатын болса, орын алған оқиғаға оқушының өз ойынан шығарылған, көп ретте қарама-қарсы көзқарасты да қосу ұсынылады. ЕББҚ оқушы тәрбиеленуші ортада бұл жиі ұшырасатын тәжірибе. Инклюзивті білім берудің күрделілігі әрі бір мезетте құндылығы да осында!

Зерттеу барысында, инклюзивті білім беру кеңістігін құру үрдісінің негізіне психологиялық қатынас теориясын қалау амалы НЛБ тұрғысынан қарастырылды. Кез-келген мәселеге қатынас жағдайды бағалау өлшемі арқылы жүзеге асырылады. Р.Дилтс түсіндіруі бойынша, орын алған жағдайды қабылдау екі бағыт бойынша жүреді:

– өзіндік таным шеңберінде субъективті бағалау, яғни жағдайға бірінші жақтан қарау нәтижесінде;

– сондай-ақ, басқа адамның (көп ретте қарсыласының немесе өзі үшін аса беделді болып табылатын құрметті адамның, яки осы мәселе аймағында білгір деп есептейтін кісі – сарапшы) көзқарасы тұрғысында талдау арқылы.

Барлық басқа орталардағы сынды, балалар ұжымында да бағалаудан туындайтын көзқарас қатынасты қалыптастырады. Жеке қатынас ұлғая келе сол ортаға тән қатынасқа айналады. Егер қатынас оң көзқарас нәтижесінде қалыптасса жақсы-ақ, ал теріс пікірден туындаған қатынас болса ше? Тағы бір маңызды фактор – ол қаншалықты әділетті? Әділетсіздік көзқарас салдары шындықты бұрмалап, нысанаға теріс қатынасты қалыптастырады. Балалар ұжымында бұл буллинг алғышарты болып табылуы да мүмкін [12].

Негативті қатынасқа жауап ретінде агрессия пайда болады. Ол өз кезегінде ұжымдағы моральдық ахуалдың төмендеуіне әкеп соғады. Егер қатынастың бұл формасы инклюзивті ортада орын алған болса, онда білім беру ұйымындағы мамандар командасын дереу осы араға жұмылдырып, мәселе түйінін тарқатуға күш салу керек.

ЕББҚ оқушы жағдайындағы негативті қатынас – өзіндік пікірдің құлдырауына апаратын жайттар, тәжірибеде жиі ұшырасады. Айналадағы адамдардың көзқарастарына тәуелділік балаң сана иелеріне тән. Мектеп өмірінде бір көзқарастың көп көзқарас тасасында тұншығып қалатын

кездері көп. Сенімге селкеу түскенде, оны түзеу әлдеқайда күрделі әрі ұзақ мерзімді қажет етеді. Сондықтан, инклюзивті ортаның бірден-бір міндеті ретінде әр баланың, әсіресе ЕББҚ оқушының өз-өзіне сенімін қалыптастыру және арттыру аса маңызды шарт. Ал оны дамыту құралы қатынас болып табылады.

Қоғамдық қатынас таңба сынды; оны жуып кетіре алмайсың, не өшіргішпен өшпейді. Ақпараттық кеңістіктегі қазіргідей кезең оны өршітпесе, бәсеңсітпейтіні анық. Сондықтан, инклюзивті білім беру кеңістігінде қатынасты тұрақтандыруға ұмтылмау тұжырымын басшылыққа ала отырып, оқушы болмысын оқиғадан ажырата білуге дағдыланған жөн. Ол үшін ортаны «кез-келген жағдайды бағалау оқушыға қатынастан тысқары жүргізілуі тиіс» қағидасына баулу керек. Берілген тұжырымды жүзеге асыру аясында, зерттеу барысында екі әдіс қолданылып, ұсынылды:

1) қарама-қарсы көзқарастарды қарастыру нәтижесінде, жағдайды объективті бағамдау арқылы тану үшін «екі жақты баяндау тәсілі»;

2) жағдайдың анағұрлым толық әрі шынайы ашылуы үшін – «болмысты баяндаудың 4 тәсілі» техникасы.

Инклюзивті сыныпта жұмыс істейтін педагог балалар ұжымында қатынас тұрақтылығын сақтауға талпынбағаны жөн. Болмыста барлығы да өзгермелі екендігін әрдайым назарда ұстау арқылы, оқушылардың барлығына тең мүмкіндік пен тең құқық беру және ортақ құндылықтарды сақтау аясында жұмыс жасау ұсынылады.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛДАУ.

Инклюзивті білім беру үрдісінде психологиялық қатынас теориясының маңызын зерттеу үшін, Жамбыл облысы, Қордай ауданының орталығындағы №16 орта мектепте эксперимент жұмыстары жүргізілді. Сынақ 6 «А» сыныбында ұйымдастырылып, 2 апта мерзімін қамтыды. Эксперимент барысында қолданылған «екі жақты баяндау тәсіліне» 10 сыналушы және «Болмысты баяндаудың 4 тәсіліне» сыныптағы 28 оқушы толық қатысты. Зерттеуге ассистент ретінде тартылған білім беру ұйымының педагог-психологы мен сынып жетекшісі экспериментатордың нұсқаулығымен, сыныпта уақытша жасанды жағдайлар туғызып, инклюзивті ортадағы психологиялық қатынас ауанын өлшеуге көмектесті. Эксперименттік сынақ алаңындағы зерттеулер аяқталған соң, нәтижелерді өңдеу жұмыстары ЖОО кафедралары (Қ.А. Ясауи ат. ХҚТУ, Батыс Қазақстан ИТУ, М.Х. Дулати ат. ТарӨУ) жанындағы зертханаларда жалғасты.

«Екі жақты баяндау тәсілін» жүргізу үшін, сыныптан ерікті түрде 5 жұп іріктеліп алынды: қыз балалар жұбы – 2, ер балалар жұбы – 2, аралас жұп – 1; олардың ішінде ЕББҚ оқушы – 1. Олар шартты түрде былай белгіленді: 1И, 1А, 1Е, 1Қ, 2Қ. Мұндағы 1И – ЕББҚ оқушы жұбы, 1А – аралас жұп, 1Е – ер балалар жұбы, 1Қ – бірінші қыз балалар жұбы, 2Қ – екінші қыз балалар жұбы. Жұптағы сыналушылар екі нөмірмен белгіленді: бірінші серіктес (1С) және екінші серіктес (2С).

Алдын-ала әзірленген жағдаяттар сыналушыларға барынша табиғи түрде, бір-бірінің назарынан тыс уақыттарда ұсынылды. Жағдаяттардың мазмұны шынайы қатынастарды ашу мақсатын көздегендіктен, сыналушылардың қызығушылықтарына сәйкес анықталды. Мәселен, қыз балалар жұптарына косметика таңдауға байланысты талғам таласы ұсынылса, жасөспірім ұлдарға қызықты биология материалдары шеңберінде өз көзқарастарын негіздеу жарысы міндеттеліп, ал ЕББҚ бала жұбына комикс кейіпкерлеріне қатынас арқылы, жеңіл қақтығыс туғызу шартталды. Жағдаяттар аясында өздеріне тиесілі рөлдерін «ойнап» болған соң, сыналушыларға орын алған оқиғаға көзқарастарын екі жақта баяндау ұсынылды. Ол үшін оқушылар алдын-ала әзірленген екі сауалға жауап берулері тиіс екендіктері түсіндірілді: «оқиға менің көзқарасым бойынша қалай өрбіді?» және «болған оқиғаны мен оның көзқарасы тұрғысынан баяндап берейін». Әр жақ бойынша баяндау (1ЖБ, 2ЖБ) жеке бағаланып, ортақ балды (ОБ) есептеп шығару жүйесі қолданылды.

Әр сауалға жауап барысында сыналушылардың эмоциялық-еріктік сфералары бақылауда болды және сұхбат соңында олардан өздерін қалай сезініп тұрғандығы, серіктестеріне деген

сезімдері, оқиғаларға қатынастарын баяндау сұралып, хаттамаланып отырды. Сыналушылардың жауаптары негізінде жағдайға қатынастың бес формасы анықталды: ширыққан қатынас, бейтарап қатынас, салқынқанды қатынас, немқұрайлы қатынас, ықпалды қатынас. Бұлардың барлығы да негативті және бейтарап қатынас аясындағы өлшемдер. Эксперимент мазмұнына қатынастың жалпы сегіз формасы қамтылған; олар: *негативті қатынасқа* жататын ширыққан қатынас (ШҚ), ықпалды қатынас (ЫҚ), немқұрайлы қатынас (НҚ); *қалыпты қатынас* мазмұнындағы бейтарап қатынас (БҚ), салқынқанды қатынас (СҚ) және *оң қатынас* аясындағы мойындау қатынасы (МҚ), құптау қатынасы (ҚҚ), ұнату қатынасы (ҰҚ). Қатынас формаларын анықтау кезінде сыналушылардың жағдайды сипаттау лексиконы, серіктесінің рөліне еніп, оның жағдайын сезіну арқылы бағалау сөздері, эмоциясы, мимикасы есепке алынды. Сыналушылардың қатынас сфералары 8 баллдық жүйеде бағаланды: негативті қатынас күші «-3», «-2», «-1» шкалаларымен, бейтарап қатынас шамасы «-0», «+0», ал позитивті қатынас «+1», «+2», «+3» баллдар аралығында анықталды.

«Екі жақты баяндау тәсілі» сынағының нәтижесі 1-кестеде көрсетілді (1-кесте).

1-кесте: «Екі жақты баяндау тәсілі» сынағының нәтижесі

Сыналушыла р	1И		1А		1Е		1Қ		2Қ		N Қрт
	1С	2С	1С	2С	1С	2С	1С	2С	1С	2С	
1ЖБ	-3	-1	-3	-2	+0	-0	-0	-1	-1	-3	-1,4
2ЖБ	-1	-1	-3	-2	+0	-0	-	-1	-1	-1	-1,0
ОБ	-2	-1	-3	-2	+0	-0	-0	-1	-1	-2	-1,2

Эксперименттің «Болмысты баяндаудың 4 тәсілі» сынағына сынып толық қатысты. Тимбилдинг кезінде спорттық жарыстар ұйымдастырылып, қолдан «жасалған» таласты жағдаятты талдау төрт өлшемде бағаланды: «қалыптасқан ахуал – менің көзіммен» (1Б), «оқиғаны оның көзіммен бағамдау» (2Б), «топтың қатынасын пайымдау» (3Б) және «жаһан тұрғысынан бағалау» (4Б). Бұл тәсіл бойынша бағалау да 8 баллдық жүйеде жүзеге асырылды.

Орын алған оқиғаны осылайша 4 тәсіл тұрғысынан қарастыру – сыналушылардың біржақтылықтан арылып, жағдаятты кешенді талдау негізінде ой-санасының кеңейіп, дүниетаным шеңберінің өсуіне әкеледі. Болмысты бұлай тану оқушыны өзіндік көзқараспен қатар, қарсы пікірмен де санасуға баулиды; ахуалды екі түрлі көзқарастан тыс – үшінші жақ тұрғысынан қарастыру және төртінші өлшем ретінде метабағытқа жүгіну, ортақ белгілерді табу арқылы, өзара байланыстардың орнығуына, нәтижесінде қарама-қайшылық деңгейінің төмендеп, жақсару сапасының артуы түріндегі қатынас сипатының өзгерісін тудырады.

Сыналушылардың жағдаятқа қатынас нәтижелерінің жиынтығы 2-кестеде берілді (2-кесте).

2-кесте: «Болмысты баяндаудың 4 тәсілі» сынағының нәтижесі

Б Ш	-3	-2	-1	-0	+0	+1	+2	+3
1Б	0	0	0	0	2	6	12	8
2Б	0	0	4	8	10	6	0	0
3Б	0	1	3	8	8	4	4	0
4Б	0	0	0	2	4	6	8	8

Эксперимент соңында сынып ұжымында сұхбат ұйымдастырылып, сынақ нәтижелері бойынша оқушылардың ой-пікірлері ортаға салынды. Ұжым ахуалын жақсарту әр адамның өзіне, ортаға, жағдайға және үрдіске қатынасынан құралатыны эксперимент мысалдары негізінде, көрнекі түрде түсіндірілді. Сұхбаттан кейін оқушылардың қалыптасқан жағдайға

қатынастарын бақылау мақсатында 5 сұрақтан құралған сауалнама өткізілді: «топтағы ахуал үшін қатынас қаншалықты маңызды?» (1с), «менің қатынасымның менің көзқарасым бойынша ғана анықталуы қаншалықты дұрыс?» (2с), «қарсыластың пікірімен санасу құндылығы қандай?» (3с), «менің пікірім ортаның көзқарасымен қаншалықты сәйкес?» (4с), «өріс позициясы шеңберінде қарастыру әсері қандай?» (5с). Әр сұрақты бағалау үшін 5 баллдық жүйе ұсынылды. Сауалнама нәтижесі бойынша эксперимент алаңындағы қатынас маңызы келесі өлшемдерді көрсетті: 1с – 4,8 балл; 2с – 4 балл; 3с – 3,8 балл; 4с – 4,2 балл; 5с – 4,4 балл; орташа балл – 4,24.

Эксперименттен кейінгі сауалнама келесі формула бойынша есептелді:

$$C_n = 1c \cdot N + 2c \cdot N + 3c \cdot N + 4c \cdot N + 5c \cdot N / 28$$

Мұндағы: C_n – сауалнама нәтижесі;
 1с, 2с, 3с, 4с, 5с – сұрақтардың реті;
 N – сұрақты бағалаған сыналушылар саны;
 28 – сыналушылардың жалпы саны

Эксперимент қорытындысы сынақ алаңындағы зерттеу тәжірибелерінің тиімділігін, оңтайлылығын және нәтижелілігін көрсетті: инклюзивті білім беру үрдісінде психологиялық қатынас аса маңызды болғандықтан, оны барынша терең әрі жан-жақты талдап, қарастыру жемісі баянды.

ҒЫЛЫМИ НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАУ. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді талдау үрдісі келесі схема бойынша жүзеге асырылды: әр эксперимент деректері жеке қорытындыланды; екі эксперименттің нәтижелері салыстырылып, өзара сәйкестіктері тексерілді; эксперимент қорытындысы мен эксперименттен кейінгі сауалнама нәтижелерінің арасындағы байланыс орнатылды.

Инклюзивті білім беру үрдісіндегі психологиялық қатынас теориясының маңызын зерттеу мақсатында жүргізілген «Екі жақты баяндау тәсілінің» нәтижесін қорытындылау үрдісінде анықталды (1-кесте):

- сыналушылардың жағдайға қатынасы бойынша тіркелген бастапқы бағаларында негативті қатынас шкаласы жоғары болды (-1,4);

1ЖБ нәтижесі серіктесін кінәлау арқылы, жағдайға қатынастың ширыққан деңгейін көрсетті;

- 2ЖБ үрдісінде сыналушы орын алған оқиғаны серіктесінің көзқарасы тұрғысынан баяндау нәтижесінде, ширыққан қатынастың біршама бәсеңдегені мәлім болды (-1,0).

3-кесте: «Екі жақты баяндау тәсілі» бойынша сыналушылар қатынасының мазмұны

Сыналушылар		Негативті қатынас			Қалыпты қатынас		Оң қатынас		
		ШҚ	ЫҚ	НҚ	БҚ	СҚ	МҚ	ҚҚ	ҰҚ
1И	1С	-	+	-	-	-	-	-	-
	2С	-	-	+	-	-	-	-	-
1А	1С	+	-	-	-	-	-	-	-
	2С	-	+	-	-	-	-	-	-
1Е	1С	-	-	-	-	+	-	-	-
	2С	-	-	-	+	-	-	-	-
1Қ	1С	-	-	-	+	-	-	-	-
	2С	-	-	+	-	-	-	-	-
2Қ	1С	-	-	+	-	-	-	-	-
	2С	-	+	-	-	-	-	-	-

Сыналушылар қатынасындағы өзгерісті жағдайға кеңінен қарау нәтижесі деп тұжырымдау оны дәлелдеуді қажет етеді; сондықтан, 3-кестеде эксперимент мазмұнындағы шкалалар

талданды. Кестеде сыналұшы қатынасы «+» таңбасымен бейнеленген. Жағдайды бағамдаудың 3 шкаласын зерделеу барысында оң қатынасқа таңдау түспегені белгілі болды; ал негативті қатынас бойынша 7 таңдау және қалыпты қатынас бойынша 3 таңдау бар. Сыналұшылар бойынша көрсеткіш: негативті қатынас – 70%, қалыпты қатынас – 30%, оң қатынас – 0.

3-кесте деректерін 1-кесте берілгендерімен салыстырғанда, 2ЖБ нәтижелерімен сәйкестік анықталды. Бұл – сыналұшылар қатынасында оң өзгерістер тудыруға бағдарланған эксперимент болжамының расталғанының көрсеткіші.

«Болмысты баяндаудың 4 тәсілі» сынағы арқылы жүргізілген екінші эксперимент деректерін өңдеп, зерттеу нәтижелерінің өзара сәйкестігін тексеру үшін, бастапқы эксперимент шкаласы қолданылды. 8 өлшемнен тұратын 3 шкала бойынша сыналұшылардың таңдауларының саны есептелді: негативті қатынас мазмұнындағы БҚ бойынша 1 таңдау, НҚ бойынша 7 таңдау және ШҚ бойынша 0, барлығы 8 таңдау; қалыпты қатынас мазмұнындағы БҚ бойынша 18 таңдау, СҚ бойынша 24 таңдау, барлығы 42 таңдау; оң қатынас мазмұнындағы МҚ бойынша 22 таңдау, ҚҚ бойынша 24 таңдау, ҰҚ бойынша 16 таңдау, барлығы 62 таңдау.

Алынған деректерді өңдеу екі кезеңнен құралды: алғашында әр өлшем бойынша таңдау саны (Тң.с) бағалау санына бөлінді, осылайша бағалау көрсеткіші (Бғ.к) анықталды; екінші кезеңде өлшемдердің көрсеткіштері шкалаларға топтастырылып, таңдау нәтижелері (Тң.н) белгілі болды. Эксперимент деректерін өңдеу үрдісі 4-кестеде бейнеленді (4-кесте).

4-кесте: «Болмысты баяндаудың 4 тәсілі» деректерін өңдеу нәтижесі

Ш/Ө	Қатынас шкалалары, өлшемдері							
	Негативті қатынас			Қалыпты қатынас		Оң қатынас		
	ШҚ	БҚ	НҚ	БҚ	СҚ	МҚ	ҚҚ	ҰҚ
Тң.с	0	1	7	18	24	22	24	16
Бғ.к	0	0,25	1,75	4,5	6	5,5	6	4
Тң.н	2			10,5 ≈ 11		15,5 ≈ 15		

Сонымен, екінші эксперимент нәтижесі бойынша жағдайға негативті қатынас танытқан сыналұшылар саны 2 (7%), қалыпты қатынас 11 (40%), оң қатынаспен бағамдағандар 15 (53%), адамды құрады.

Екі сынақтың нәтижелерін салыстыру барысында, болмысты кешенді қабылдау басымдық танытатыны туралы эксперимент болжамы расталды. Бастапқы эксперимент 10 сыналұшымен жүргізіліп, қатынас тар шеңберде – екі жақты бағамен өлшенді. Оның көрсеткіші: негативті қатынас – 70%, қалыпты қатынас – 30%, оң қатынас – 0. Ал, екінші экспериментке сынып ұжымы толық қатысып, 28 оқушы жағдайды 4 тәсіл тұрғысынан қарастырды. Оның нәтижесі: негативті қатынас – 7%, қалыпты қатынас – 40%, оң қатынас – 53%.

Эксперимент қорытындысы мен эксперименттен кейінгі сауалнама нәтижелерінің арасындағы тығыз байланыс келесі тұжырымдар жасауға негіз болды: қатынастың болмыс үшін маңызы зор; дифференциалды оқыту негізгі тәсіл болып табылатын инклюзивті ортада білім алушы субъектілер үшін қатынас мазмұнын талдау-саралау қажеттілігі жоғары; ЕББҚ оқушы үшін психологиялық қатынас өзектілігі дүниетаным мен мінез-құлық арасындағы өзара байланысты нығайтумен шартталады.

ҚОРЫТЫНДЫ. Инклюзивті сыныпта педагог оқушылардың жеке қажеттіліктерін назарда ұстай отырып, оларды мақсатты түрде жұптастыру, топтастыру арқылы, бірлескен іс-әрекеттің жүзеге асырылуына ұйытқы болады. Әсіресе, ЕББҚ баланың оқу-тәрбие үрдісіне нәтижелі тартылуын қамтамасыз ету аясында, өзара әрекеттесуге баулу – мұғалімнен психологиялық қатынас сапасын үздіксіз жетілдіріп отыруды талап етеді. Педагог осылайша инклюзивті ортада бірлескен әрекеттердің тиімділігін арттыруды ынталандыру жолында, ЕББҚ баламен қатар, әрбір оқушының танымдық қызығушылығы мен мінез-құлқын терең тани білуі керек. Бұл –

инклюзивті білім беру үрдісінің психологиялық аспектілеріне ерекше ден қоюды қажет етеді. Зерттеу барысында ЕББҚ баланың сыныпқа жылдам бейімделіп, оқу жетістігіне қол жеткізу мақсаты, психологиялық қатынас теориясын қолдану нәтижесінде табысты болатыны туралы жалпы болжам құрылып, қатынасты оның сапасын арттыру арқылы қамтамасыз ету тиімділігі туралы жұмысшы жорамал жасалды.

Қатынастың қаншалықты маңызды екенін білу және оның инклюзивті ортадағы өзектілігін негіздеу үшін, эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың жоспары құрылып, ұйымдастырылды. Білім беру ұйымының жұмыс кестесімен санаса отырып, жүргізілген сынаққа қатысқан инклюзивті сыныпта, көріп қабылдауы зақымданған бір ЕББҚ бала оқиды. Эксперимент алаңына бір сынып ұжымы толық тартылғанымен, нәтижелерді салыстыру мақсатында, әуелі ЕББҚ оқушының қатысуымен, шағын жиынға, жеңіл дәрежелі сынақ ұйымдастырылды. Оның нәтижесі зерттеу тобының алдын-ала жорамалдағанындай, психологиялық қатынастың тар шеңберін көрсетті.

Сынып ұжымында педагогтың оқушылармен өзара әрекеттесуі әлеуметтік коммуникацияға тәуелді болса, оның нәтижелілігі өз кезегінде психологиялық қатынасқа тәуелді екені анық. Осы ретте озық тәжірибелерге сүйеніп, жоғары сапалы инклюзивті орта мысалдарына жүгіну арқылы, сынып ұжымындағы қарым-қатынасқа ықпал ететін факторлар зерделенді. Соның негізінде эксперименттік жағдаяттар әзірленіп, сыналұшыларға ұсынылды. Зерттеу тобы эксперименттің барынша шынайы өтуіне мүдделі болғандықтан, оқушылармен жұмысқа олардың сынып жетекшісі мен мектеп психологы тартылды. Осылайша, орасан зор дайындықпен ұйымдастырылған негізгі эксперимент нәтижесі сыналұшылардың психологиялық қатынас сапасының артуына ықпал етті. Ол қатынас ауаны, ауқымы, көлемі, тереңдігі сынды факторларды қамти отырып, жеке тұлғалық-мінез-құлықтық сферадан танымдық-метатанымдық деңгейге көтерілді. Мәселен, сыналұшы зейінін «менің көзқарасым», «оның көзқарасы», «ортаның пікірі», «жаһан қатынасы» сынды төрт аймақты қамтуға бағыттауды бағдарлай отырып, инклюзивті кеңістікте қалыптасқан ахуалды және соның ішінде ЕББҚ оқушы жағдайын зерттеуге мүмкіндік туды. Психологиялық экспериментте сыналұшылардың өзара қатынастарынан тыс, орта мен уақыттың әсері және жағдайды кәсіби- талдау, бағамдау айнымалылықтары да есепке алынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Инклюзивті білім беру моделі (KZEMP/QCBS-12 келісімшарты негізінде жасалған).* – Астана, 2024. – 104 б.
2. *Кохан С.Т. Психолого-педагогическое сопровождение студентов с ограниченными возможностями здоровья и инвалидностью в вузе.* – Чита: ЗабГУ, 2018. – 172 с.
3. *Баринова Е.Б. Теория и практика инклюзивного обучения в образовательных организациях.* – Москва: Изд. Юрайт, 2023. – 97с.
4. *Богданова Т.Г. Инклюзивное обучение лиц с сенсорными нарушениями.* – Москва: Изд. Юрайт, 2023. – 224 с.
5. *Сүлейменова Р.А. Методологические подходы к развитию инклюзивного образования в Республике Казахстан // Открытая школа, №7 (118), сентябрь 2012, стр. 20-25.*
6. *Хитрюк В.В. Отечественный и зарубежный опыт обеспечения инклюзии в общем образовании: противоречия, проблемы, задачи // Педагогическая наука и образование.* – Минск: БГПУ, 2022. – № 3. – стр. 86-98.
7. *Мовкебаева З.А. Инклюзивное образование.* – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2014. – 200 с.
8. *Выготский Л.С. Вопросы детской психологии.* – Москва: Юрайт, 2016. – 512 с.
9. *Соукаку Е.Р. Профиль инклюзивного класса (ICP): Исследовательское издание. Издательство Пола Х. Брукса.* – 2016.

<https://scholar.google.ru/citations?user=XecCncYAAAAJ&hl=ru>

10. 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат. – Астана, 2024. – 116 б.
11. Оспанбаева М.П. Салыстырмалылық теориясын психологияда қолдану ерекшеліктері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы, «Психология» сериясы №2 (63), - Алматы. 2020ж. 78-84 бб.
12. Ospanbayeva M.P., Oralymbetova G.U. Study of interpersonal conflict resolution within psychological attitude theory // Вестник Dulary University, №1, 2024г. Сmp. 140-148 <https://doi.org/10.55956/FIWU9911>
13. Irwin S.H., Lero D.S. Inclusion quality: Children with disabilities in early learning and childcare in Canada. Canada: Breton Books. 2020. <https://specialinkcanada.org/resources/Inclusion%20Quality.pdf>.

References

1. Implementation of the "education model (KZEMP/QCBS-12 "build the future in a negative direction"). - Astana, 2024. – 104 P.
2. Kohan S. T. psychological and pedagogical support of students with disabilities and disabilities at the University. - Chita: Zabgu, 2018. – 172 P.
3. Barinova E. B. theory and practice of inclusive education in educational organizations. - M.: Publishing House "Yurayt", 2023. - 97C.
4. Bogdanova T. G. inclusive education for people with sensory disorders. - M.: Publishing House "Yurayt", 2023. - 224 P.
5. Suleimenova R. A. methodological approaches to the development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan // Open School, No. 7 (118), September 2012, pp. 20-25.
6. Khitryuk V. V. domestic and foreign experience in ensuring inclusion in the general education system: contradictions, problems, tasks // pedagogical science and education. - Minsk: BSPU, 2022. - No. 3. – pp. 86-98.
7. Movkebaeva Z. A. inclusive education. - Almaty: Abai Kaznpu, 2014 – - 200 P.
8. Vygotsky L. S. questions of child psychology. - M.: Yurayt, 2016. - 512 P.
9. Soukaku E. P. Inclusive primary school class (PMS): a scientific study. Paul H. Brooks Publishing House. - 2016. <https://scholar.google.ru/citations?user=XecCncYAAAAJ&hl=ru>
10. headgear in order to improve the system of formation of features of the organizers of the educational process in the general bilim beretin School of the Republic of Kazakhstan in the 2024-2025 academic year. - Astana, 2024. – 116 P.
11. Ospanbayeva M. P. relativity theory of Psychology, features of koldan // Bulletin of Abai kaznpu, series "Psychology" No. 2 (63), Almaty. 2020 pp. 78-84.
12. Ospanbayeva M. P., Uralymbetova G. U. study of the resolution of interpersonal conflicts in the framework of the theory of psychological relations // Bulletin of Dulat University, No. 1, 2024, pp. 140-148. <https://doi.org/10.55956/FIWU9911>
13. Irwin S. H., Lero D. S. inclusive quality: children with disabilities in early education and childcare in Canada. Canada: Breton Books. 2020. <https://specialinkcanada.org/resources/Inclusion%20Quality.pdf>